

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 115 шешіміне өзгерістер енгізу туралы

Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2024 жылғы 27 тамыздағы № 102 шешімі

Үшінші елдерге қатысты санитариялық, ветеринариялық-санитариялық және карантиндік фитосанитариялық шараларды қолдану туралы хаттаманың (2014 жылғы 29 мамырдағы Еуразиялық экономикалық одақ туралы шартқа № 8 қосымша) (бұдан әрі – Хаттама) 120-тармағына сәйкес және Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының 2020 жылғы 22 қыркүйектегі №115 шешімімен белгіленген Қолданыстағы демпингке қарсы шараны айналып өтуді анықтау мақсатында жүргізілген қайта тергеу нәтижелері бойынша дайындалған Еуразиялық экономикалық комиссияның ішкі нарығын қорғау департаментінің баяндамасы негізінде Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасы **шешті**:

1. Еуразиялық экономикалық комиссия Алқасының "Әзербайжан Республикасы мен Қытай Халық Республикасында шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін алюминий ленталарына қатысты демпингке қарсы бажды енгізу арқылы демпингке қарсы шараларды қолдану туралы" 2020 жылғы 22 қыркүйектегі № 115 шешіміне мынадай өзгерістер енгізілсін:

а) 1-тармақ "арқылы" деген сөзден кейін "осы Шешімнің 1¹-тармағын ескере отырып" деген сөздермен толықтырылсын;

б) мынадай мазмұндағы 1¹-тармақпен толықтырылсын:

"1¹. Осы шешімде көзделген демпингке қарсы шараның күші:

Әзірбайжан Республикасынан шығарылатын және Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін ЕАЭО СЭҚ ТН 7607 11 900 0 кодымен сыныпталатын тауарларға;

Әзірбайжан Республикасынан шығарылған Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына әкелінетін және осы Шешімнің № 2 қосымшасының 3-тармағында көрсетілген түрге жататын алюминий таспасына қолданылсын.

Осы тармақтың екінші және үшінші абзацтарында көрсетілген тауарларға қатысты осындай тауарларды өндірушіге байланысты осы Шешімнің № 1 қосымшасында көрсетілген мөлшерде демпингке қарсы баж ставкалары қолданылады деп белгіленсін."

;

в) 2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің кеден ісі саласындағы мемлекеттік органдары кеден ісі саласында уәкілетті мемлекеттік органдары осы Шешімде көзделген:

ЕАЭО СЭҚ ТН кодтарын да, тауардың атауын да басшылыққа ала отырып, осы Шешімнің 1-тармағында және 1¹-тармағының үшінші абзацында көрсетілген тауарларға қатысты;

ЕАЭО СЭҚ ТН кодын басшылыққа ала отырып, осы Шешімнің 1¹-тармағының екінші абзацында көрсетілген тауарларға қатысты демпингке қарсы баждың алынуын қамтамасыз етсін.";

г) көрсетілген Шешімге № 2 қосымшада:

1 және 2-тармақтар "алюминий лентасы" деген сөздердің алдынан ", Әзірбайжан Республикасы мен Қытай Халық Республикасынан шығарылған" деген сөздермен толықтырылсын;

3-тармақ "беті жылтыр" деген сөздерден кейін ", Қытай Халық Республикасынан шығарылған" деген сөздермен толықтырылсын.

2. Осы Шешім ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік 30 күн өткен соң күшіне енеді.

*Еуразиялық экономикалық комиссия
Алқасының Төрағасы*

Б. Сағынтаев